

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



«БЕКІТЕМІН»

Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер бойынша проректор

А.К. Галеева

» 03 **2026 ж.**

**«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Үздік оқытушысы»
байқауы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Үздік оқытушы» байқауын (*бұдан әрі* - Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды, қатысушылардың бағалау критерийлерін белгілейді, сондай-ақ байқаудың қорытындыларын шығару, апелляцияларды қарау және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін регламенттейді.

1.2. Байқау жыл сайын оқытудың үздік тәжірибелерін анықтау, қолдау және тарату, сапалы оқыту мәдениетін дамыту, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық шеберлігін арттыруға және кәсіби жетілдіруге ынталандыру мақсатында өткізіледі.

1.3. Байқаудың ұйымдастырушысы Академиялық мәселелер жөніндегі департамент (*бұдан әрі* — Ұйымдастырушы) болып табылады. Байқауға жалпы басшылықты Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер бойынша проректор жүзеге асырады.

1.4. Осы Ереже Байқауға қатысушылардың барлығына және комиссия мүшелеріне міндетті болып табылады.

1.5. Байқау келесі қағидаттар негізінде өткізіледі:

- педагогикалық шеберлік пен оқыту сапасының басымдығы;
- академиялық адалдық қағидаттарын сақтау;
- бағалау рәсімінің объективтілігі мен ашықтығы;
- қатысушылардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі;
- өтінімдерді қарау және қатысушыларды бағалау кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеу.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

2.1. **Байқаудың мақсаты** – педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейін, білім беру қызметінің елеулі нәтижелерін көрсететін, сондай-ақ заманауи білім беру технологияларын және тиімді оқыту тәжірибелерін енгізетін оқытушыларды анықтау және қолдау болып табылады.

2.2. **Байқаудың міндеттері:**

- педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейін және білім беру қызметінің нәтижелілігін көрсететін оқытушыларды анықтау, қолдау және көтермелеу;
- профессор-оқытушылар құрамының кәсіби дамуын ынталандыру және оқытудағы педагогикалық мәдениетті арттыру;
- студентке бағдарланған, құзыреттілікке негізделген және белсенді білім беру тәжірибелерін дамыту және енгізу;
- университетте үздік педагогикалық тәжірибелер мен заманауи білім беру технологияларын тарату және масштабтау;
- үздік білім беру тәжірибелері мен әдістемелік шешімдердің институционалдық банкін қалыптастыру;
- білім беру процесінің сапасын арттыруға және сапалы оқыту мәдениетін дамытуға ықпал ету.

3. Байқау қатысушылары

3.1. Байқауға университеттің штаттық оқытушылары, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқу сабақтарын жүргізетін және педагогикалық қызметті жүзеге асыратын оқытушылар қатыса алады.

3.2. Байқауға келесі талаптарға сәйкес келетін оқытушылар жіберіледі:

- ағымдағы оқу жылында педагогикалық жүктеменің болуы (кемінде 1 жүктеме);
- күзгі және көктемгі семестрлерде аудиториялық жүктеменің болуы;
- алынбаған тәртіптік жазалардың болмауы;
- «Үздік жас оқытушы» номинациясына 35 жасқа дейінгі (конкурста өтінім-сауалнаманы тапсыру күніне сәйкес) оқытушылар қатысады.

3.3. Байқауға келесі тұлғалар жіберілмейді:

- Байқауды ұйымдастыру комитетінің немесе сараптамалық комиссиясының мүшелері болып табылатын тұлғалар;
- қосымша жұмыс істейтін тұлғалар;
- «профессор-зерттеуші» және «доцент-зерттеуші» санатындағы профессор-оқытушылар құрамы;
- соңғы үш жыл ішінде «ЖОО-ның үздік оқытушысы» немесе «Үздік ғылыми қызметкер» республикалық байқауының жеңімпаздары.

4. Байқау номинациялары

4.1. Негізгі номинация (гран-при):

- «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік оқытушысы».

4.2. Қосымша номинациялар:

- «Үздік жас оқытушы»;
- «STEM бағыты бойынша үздік оқытушы»;
- «Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша үздік оқытушы».

5. Байқаудың ұйымдастырушылық құрылымы

5.1. Байқауды өткізу үшін келесілер құрылады:

- Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті);

- ашық сабақтарды бағалау жөніндегі сараптамалық комиссия (бұдан әрі - Сараптамалық комиссия).

5.2. Сараптамалық комиссия мүшелері білім беру үдерісін ұйымдастыруды және оның сапасын бақылауды үйлестіретін Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары болып табылады.

5.3. Байқаудың сараптамалық комиссиясының төрағасы (бұдан әрі - Төраға) Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер бойынша проректор болып табылады.

5.4. Төрағаның орынбасары және ол болмаған жағдайда Төрағаның міндетін атқаратын тұлға Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры болып табылады.

5.5. Жауапты хатшы - Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің қызметкері.

5.6. Жауапты хатшы мен сараптамалық комиссия мүшелері жыл сайын сайланады.

5.7. Ұйымдастыру комитеті:

- күнтізбелік жоспарды бекітеді;
- өтінімдер мен құжаттарды қабылдауды қамтамасыз етеді;
- комиссиялардың жұмысын ұйымдастырады;
- Байқау материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- қатысушылардың қорытынды рейтингін қалыптастырады.

5.8. Сараптамалық комиссия:

- сабақтардың сапасын бағалау чек-парағы бойынша ашық сабақтарды бағалауды жүргізеді;
- негізделген сараптамалық қорытындылар ұсынады.

5.9. Апелляциялық комиссия:

- Байқаудың барлық кезеңдерінің қорытындылары бойынша қатысушылардың апелляцияларын қарайды;
- даулы мәселелер бойынша шешім қабылдайды;
- апелляция нәтижелері бойынша қорытынды рәсімдейді.

5.10. Комиссия мүшелері:

- мүдделер қайшылығының болмауы туралы өтінішке;
- дербес деректер мен байқау ақпаратын жария етпеу туралы міндеттемеге қол қояды.

6. Байқауды өткізу кезеңдері мен мерзімдері

6.1. Байқау жылына бір рет өткізіледі, байқаудың басталу және өткізілу күндері <https://farabi.university/> сайтында орналастырылады.

6.2. Байқау 3 кезеңде өткізіледі:

1-кезең. Тіркеу және есептелетін жетістіктерді бағалау (қорытынды бағалаудағы үлесі – 30%)

Кезең мазмұны:

- қатысушыларды онлайн тіркеу;
- құжаттардың толықтығын тексеру;
- бекітілген индикаторлар бойынша жетістіктерді бағалау (Қосымшаға сәйкес).

Байқаудың екінші кезеңіне өтінім-сауалнамалар тапсырғандардың 40%-ы, бірақ бірінші (іріктеу) кезеңнің қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған 30 үміткерден аспайтын қатысушылар жіберіледі. Іріктеу қатысушылардың қалыптастырылған рейтингі негізінде жинаған балдарының кему ретімен жүзеге асырылады. Балдар тең болған жағдайда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы үздіксіз еңбек өтілі көбірек үміткерлерге басымдық беріледі.

2-кезең. Ашық оқу сабақтары (кез келген комбинацияда 2 сабақ (дәріс–дәріс; дәріс–практикалық сабақ және т.б.)

(қорытынды бағалаудағы үлесі – **50%**)

Кезең мазмұны:

- қатысушының ашық сабақтарды бейнефиксациямен өткізуі;
- сабақтарға сараптамалық комиссияның қатысуы;
- педагогикалық шеберлік критерийлері бойынша бағалау;
- сабақ сапасын бағалау чек-парағында бақылауларды бекіту.

3-кезең. Сапа тұрақтылығын растау

(қорытынды бағалаудағы үлесі – **20%**)

Кезең мазмұны:

- білім алушылардың стандартталған кері байланысы;
- Пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК) сапасына сараптама;

7. Өтінімдерді беру тәртібі және байқау материалдары

7. Өтінімдерді беру тәртібі және байқау материалдар

7.1. Қатысушы іріктеу кезеңі үшін белгіленген форма бойынша жетістіктер туралы мәліметтері бар үміткердің сауалнамасын электрондық өтінім формасын толтыру арқылы Ұйымдастыру комитетіне ұсынады.

7.2. Электрондық өтінім формасын толтыру және ұсыну үшін қатысушы **университеттің корпоративтік есептік жазбасына** (корпоративтік электрондық пошта мекенжайына (@kaznu.kz доменінде) қол жеткізуі тиіс және формаларды толтыру кезінде оны пайдалануы қажет.

7.3. Электрондық өтінімді беру барысында қатысушы өтінім формаларында тиісті талаптар болған жағдайда сауалнамада көрсетілген мәліметтер мен жетістіктерді растайтын құжаттардың сканерленген көшірмелерін (электрондық нұсқаларын) тіркейді.

7.4. Белгіленген мерзімдерді бұза отырып немесе толық емес көлемде ұсынылған құжаттар Ұйымдастыру комитетімен қабылданбауы мүмкін.

7.5. Ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапкершілік қатысушыға жүктеледі.

8. Бағалау критерийлері мен тәртібі

8.1. **1-кезең – жетістіктер матрицасы (30%)**

Ескерту: индикаторлар тізбесі мен балл шкаласы жыл сайын Ережеге қосымша ретінде бекітіледі (Қосымша).

8.2. **2-кезең – екі ашық сабақты бағалау (50%)**

Бағалау бекітілген бағалау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

8.3. 3-кезең – сапа тұрақтылығы (20%)

Бағаланады:

- студенттердің сауалнама нәтижелері (10%);
- ПОӘК сапасына сараптама (10%).

9. Қорытынды нәтижені есептеу әдістемесі

9.1. Қатысушының қорытынды балы келесі формула бойынша есептеледі:
Қорытынды балл = (Б1 × 0,30) + (Б2 × 0,50) + (Б3 × 0,20),
мұнда:

Б1 – 1-кезеңнің балы (100-ге келтірілген); Б2 – 2-кезеңнің балы (100-ге келтірілген); Б3 – 3-кезеңнің балы (100-ге келтірілген).

9.2. Ашық сабақты бағалау кемінде 5 сарапшының жеке бағалары негізінде қалыптастырылады. Сарапшылар бағалары арасында елеулі айырмашылық болған жағдайда (шекті мәнді Ұйымдастыру комитеті белгілейді) қосымша сараптама/сабақтың бейнежазбасын қайта қарау тағайындалады.

9.3. Қорытынды балдар тең болған жағдайда жоғары орын 2-кезең бойынша балы жоғары қатысушыға беріледі.

10. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

10.1. Қатысушының құқықтары:

- Байқаудың тәртібі мен мерзімдері туралы ақпарат алу;
- нәтижелер жарияланған кезде қатысу;
- белгіленген тәртіппен апелляцияға беру.

10.2. Қатысушының міндеттері:

- Ереженің талаптары мен мерзімдерін сақтау;
- расталған мәліметтерді ұсыну;
- академиялық әдеп нормаларын сақтау.

11. Комиссиялардың жұмыс тәртібі және хаттамалау

11.1. Комиссия отырыстары құрамының кемінде 2/3-і қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі.

11.2. Комиссиялардың барлық шешімдері хаттамалармен рәсімделеді, онда мыналар көрсетіледі:

- комиссияның құрамы;
- өткізу күні мен орны;
- жеке бағалар;
- қорытынды балдар;
- шешімдердің негіздемелері (қажет болған жағдайда).

11.3. Хаттамалар тиісті комиссияның төрағасы мен хатшысы тарапынан қол қойылады.

12. Байқау қорытындыларын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

12.1. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер қорытынды рейтинг негізінде анықталады.

12.2. Байқау жеңімпаздары туралы шешім қатысушылар жинаған балдарға сәйкес қабылданады, хаттама сараптамалық комиссияның төрағасымен қол қойылады.

12.3. Байқау нәтижелері Ұйымдастырушының бұйрығымен бекітіледі және университеттің ресми ақпараттық ресурстарында жарияланады.

12.4. Байқау финалистерін марапаттау әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұйымдастыратын салтанатты рәсімде өткізіледі, ал байқау жеңімпаздары туралы ақпарат <https://farabi.university/> сайтында орналастырылады.

12.5. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен, алғыс хаттармен және өзге де ынталандыру шараларымен марапатталады. Материалдық көтермелеу түрі туралы шешім Экономика және қаржы департаментімен бірлесіп қабылданады.

13. Қорытынды ережелер

13.1. Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

13.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер бойынша проректордың өкімімен енгізіледі.

13.3. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Ұйымдастыру комитеті тарапынан шешіледі.

Ұйымдастырушының байланыс деректері:

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, п/и 050040, әл-Фараби даңғылы, 71, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент.

Тел.: +7 (727) 377-33-30, ішкі: 12-30; 11-95; 11-53.

Қосымша

№	Көрсеткіштер	Балл
1	Ғылым докторы дәрежесінің болуы	≤ 5
1.1.	Ия	5
1.2.	Жоқ	0
2	Ғылыми дәрежесінің болуы: ғылым кандидаты / философия докторы (PhD) / немесе бейіні бойынша доктор (*егер ғылым докторы дәрежесі бар болса, бұл көрсеткіш толтырылмайды)	≤ 3
2.1.	Ия	3
2.2.	Жоқ	0
3	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі берген ғылыми атақтың болуы (бір тармақшаны таңдау)	≤ 5
3.1.	Профессор	5
3.2.	Қауымдастырылған профессор	3
4	Электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу және жариялау (екіден көп емес)	≤ 30
4.1.	open.kaznu.kz негізіндегі жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК)	15
4.2.	Coursera, EdX, Udacity және FutureLearn халықаралық платформаларына негізделген ЖАОК	30
5	Оқу материалдарын әзірлеу (01.01.2021 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін соңғы 5 жылда үштен көп емес)	≤ 30
5.1.	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған оқулық	10
5.2.	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесі ұсынған оқулық	8
5.3.	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған оқу құралы	5
5.4.	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесі ұсынған оқу құралы	2
6	Бейін бойынша кәсіптік-педагогикалық біліктілікті арттыру (5 сертификаттан көп емес)	≤ 25
6.1.	01.01.2023 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін кәсіби салада ЖАОК платформасында (Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn) оқуды сәтті аяқтағаны туралы сертификат	5
6.2.	01.01.2023 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі соңғы үш жыл ішінде білім беру қызметінде онлайн құралдарын және/немесе жасанды интеллект технологияларын пайдалану курсы (кемінде 36 сағат) аяқтағаны туралы сертификат (6.1 және 6.3-тармақтарда көрсетілгендерді қоспағанда)	5

6.3.	6.1 және 6.2-тармақтарда көрсетілгендерді қоспағанда, соңғы үш жылда (01.01.2023 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін) оқытылатын пәндер бейіні бойынша кемінде 72 сағат біліктілігін арттыру сертификатының болуы	3
6.4.	Ағылшын тілін кем дегенде келесі деңгейде меңгергенін растайтын сертификат: IELTS — кемінде 6,0; TOEFL IBT — кемінде 79; TOEFL PBT — кемінде 550; TOEFL CBT — кемінде 215; Duolingo English Test (DET) — кемінде 100 немесе ағылшын тілінде оқуды аяқтағанын растайтын жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы шетелдік диплом. 01.01.2021 бастап қазіргі уақытқа дейін алынған бір ғана сертификат қарастырылады	5
7	Жылдық жүктеменің жалпы көлеміндегі (Оқу жүктемесі бойынша жеке жоспарға сәйкес) аудиториялық жүктеменің (дәрістер, практикалық, зертханалық сабақтар) жоғары үлесі	≤ 5
7.1.	80% кем емес	5
8	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша үздік кадрларды даярлау (соңғы үш жылда 01.01.2023 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін үштен артық емес)	≤ 15
8.1.	Дайындық бағыты бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарының халықаралық (ҚР-дан тыс) және республикалық деңгейдегі байқауларында жүлдегер студентті даярлау	5
8.2.	«Фараби әлемі» студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық конференциясының жүлдегер студентін дайындау	2
8.3	Республикалық пәндік олимпиадада жүлдегер студентін даярлау	5
8.4.	Бакалавриат студентімен/магистрантпен бірлесіп, даярлау бағыты бойынша Web of Science дерекқорының Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index және Arts and Humanities Citation Index құрамына кіретін халықаралық журналда немесе Scopus дерекқоры бойынша CiteScore көрсеткішінің процентиі 25-тен жоғары журналда мақала жариялау, не зияткерлік қызмет нәтижелеріне бірлескен патенттің болуы	5
8.5.	Дайындық бағыты бойынша бакалавриат студентімен/магистрантпен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда мақала жариялау	3